

ЖАЗУШЫ ХАРУН ТОКАК ПРОЗАСЫНДАҒЫ ТАНЫМ ПОЭТИКАСЫ

Ұ. Еркінбай

филология ғылымдарының кандидаты,
Сүлейман Демирел университетінің доценті

Кез келген әдеби процесстің аяқ алысын бағамдауда айналып өте алмайтын тақырып, ол әдеби байланыстарды арнайы талдау мәселесі. Өзге халық әдебиетімен арадағы шығармашылық байланыстың ұлттық әдебиеттің даму арнасына белгілі бір деңгейде әсер ететіні рас.

Осы ретте, әсіресе, қазақ-түрік әдеби байланыстарының тамыры тым тереңде жатқандығын айта кету керек. Бұл әдебиеттанулық тұрғыдан да арнайы қарастырылып жүр. Өкініштісі, бұл сала да әдеби байланыстың кеңестік әдіснамасы аясында зерттелуде. Соның салдарынан түрік ақын-жазушыларының еңбектерін зерттеудегі біздегі өлшемнің ұстанымы айқын болмай отыр. Ал түрік әдебиетшілері біздің заманауи мәтіндерімізді емес, дәстүрлі ауыз әдебиеті үлгілерін арнайы зерттеуде. Бұған түрік әдебиеттануындағы қазақ әдебиетіне қатысты арнайы зерттеу еңбектер жазған Сүлейман Гүлер, Фархат Тамир, Аббас Шынар, Айше Шегін, Шайых Гөкнай, Абдурраһман Гузел, Фетхи Қараманоглы, Фарух Темурташ, Метін Ергүн сынды т.б. ғалымдарды атаудың өзі жеткілікті. Аталған ғалымдар біздің орта ғасырдағы ортақ әдеби жәдігерлеріміздегі түркілік сана мен көркем сөздегі гираттық сарын қатты қызықтырады.

Осы тұста, қазіргі қазақ баспасөзінде жиі жарияланып жүрген түрік прозашысы Харун Токак әңгімелері назар аударуға тұрарлық. Журналшы, әрі аудармашы Мәлік Отарбаев тәржімесіндегі түрік жазушысының туындылары дәстүрлі құндылықты қайта жаңғыртудың алғышартындай көрінеді. Ең бастысы автор туындыларының ежелгі әдебиет үлгілеріндегі имандылық сарынның заманауи форматын көз алдымызға әкелгендей әсер қалдыратыны.

Түркі руханияты, түркі өркениетінің нелер құнды дүниелері – адамзаттың асыл қазынасы. Алайда, бүгінде өз руханиятыңды өзіне өзекке тептіретін техногендік сана қалыптасып үлгерді. Рухани күйзеліс, күнделікті күйбең тіршілік, ұлық мүдделер мен арсыз жоспарлар, үмітсіздік, мейірім, жанкештілік, түрлі азғындықтар – бір-бірімен қоян-қолтық тайталасып тұмыр кешуде. Мұндайда қайтпек керек?! Мұның көркемдік шешімі қандай? Ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық өлшемдердің үйлесімі көркем сөзде қалай көрініс табады? Төмендегі талдауға түскен дүниелер, бір есептен, осы сауалдардың бірқатарына жауап беруімен де құнды.

Харун Токак әңгімелеріне арқау болған баға жетпес байлық адамгершілік пен һәм ізгілікке қол жеткізген қарапайым жандардың тіршілік әрекеті, риясыз мақсат-мүдделері. Олардың бейнесі – кейіпкерлерінің өзіндегі өзгеден көргісі келетін қасиетін ешбір боямасыз баяндайды. Олардың арасында оқ бойы озық тұрған қаһарман, не бір асқақ идея, не бір күрделі әдеби тәсілдер кездеспейді. Мұнда өмірдің өзі – қаһарманға, оқиғалар – идеяға, жай ғана баяндау – басты тәсілге айналдырылған. Автор шығармаларының негізгі идеялық өзегінің бірі ретінде, өзі үшін емес кейіпкер жас оқытушы: *«Адам баласы сана-сезімі арқылы жан-жақта көшіп-қонып жүреді, алайда барған жерінде көркем мінезімен ізгіліктің өшпес ізін қалдырып кетеді. Сенімсіздік белең алған мына киелі топырақта сенімділік пен имандылықтың өкілі болуға тиіспіз деп ойлады»* - деп мақсаттар жолындағы түрлі сынақтар баяндала отырып, мәңгілік ақиқаттар көркемдік шындыққа негіздей суреттелген екен. Күнделікті баспасөз беттері мен мінбер.кз сайты арқылы оқырманға қатарында, *«Хаққа жазылған хат», «Әкешім, кетпеші!», «Алда шапқан аттылы», «Сол жүрек Азияда қалды», «Жүрек жасырған жұмбақ», «Қанды қар», «Жаны жомарт ханзада», «Лефтер»*. *«Баянды махаббат», «Қара шалдың қайғысы»* сынды әңгімелерді атауға болады. Енді бірер /символикаға/ құрылған әңгіме. Алайда, әңгімені оқып отырып, бірден мұндай қорытынды жасау қиын. Оқиға желісі тым қарапайым. Дегенмен, мәселенің күрделілігі де осы қарапайымдылықта жатса керек.

батты. Белгісіз бір қол тереңдікке қарай, тұңғық теңізге, тас қараңғыға қарай тартып әкетті. Түпсіз түнектегі беймәлім елес оны шақыруын үдете түсті.

Дәл осы сұмдық түндердің бірі еді... Ішкі әлемінде жанып жатқан отты онан сайын алаулатып жандырған қара құбыжықтардың айқай-ұйқайы жындандырып жібере жаздады. Кенеттен қалтырай бастады. Жұмақтың бел ортасында тыныш жатқан жаны тозаққа итерілгендей болды. Тозақ болса мейлі ғой. Ол жер тозақ та емес; ол жердің аты да жоқ. Алыстан арбаған аран секілді». Иә, Үміттің жан азабы әңгімеде осылайша күрделене, сәт сайын коюлана түседі. Рух мүжіліп, сана сергелденге түсіп, ой аламаньындағы үмітсіздіктер бара-бара алып аждаһаға айналып бара жатқандай әсер қалдырады. Осылайша қиналған Үміт жүректің көзі арқылы ақырет ақиқатына барар саңылауды іздегендей шарқ ұрды. Жан азабы мен үміт сәулесі тайталасып, өзінің не іздеп жүргенін де түсінбеген кейіпкер ақыры өзін өлімге киноға бекінді. Алайда қараңғылықтан кейін жарық күн шығатыны іспетті Үміттің рухани күйзелісі де босқа кетпеген-ді. Өлім аузында тұрған бойжеткен азан дауысын естіді. Күнделікті күйбең тірлікте сан мәрте естіп жүрген бұл қасиетті дауыс, осы сәтте, санасын «жарқ» еткізіп, мүлде ерекше әсер етеді. «Жан-жағынан шақырыла бастаған азанның мәнін түсінбеді, бірақ анасының құрсағында үнсіз жатқандай болып таңғалыспен тыңдады». Өмір бойы іздегені, жоғалтпай жүріп-ақ жоғалтқан мәңгілікке деген тұнық сенімі жанынан табылды.

Сонда ғана, ақылға келіп: «Құдайым-ау! Көңілді күйлеп, жүрекке мәңгі бақыт сыйлаған бұл сырлы әуенді бұрын неге естімеген екенмін?» Енді түсінді... әлгі дауыс оны сәждеге шақырып отыр екен. «Өмір бойы әрбір қақпаны қағып келемін, алайда Оның есігін қақпаған екенмін. Намазға жығылмаған екенмін», – деді.

Иә, сол сәтте, адам жанының шарасыздығының шарықтау шегі шығарманың шешіміне айналды. Пенде-ғұмырдағы шынайы бақыттың нұрына шойылған Үміт алақанын жайып, жүректарды дұғасын жасады: «Қорқынышты күндерді шаттыққа, түнді күндізге ауыстырып-айналдыратын, жалғыздықтың бұғауын үзіп жалқы қалдырмайтын, жылағанымда еститін, үнсіз қалғанымда үнім, ем іздегенімде шипа болатын Ұлы Раббым! Түнде ұйықтатпасаң ұйықтай алмаймын, таңда оятпасаң ояна алмаймын, жүргізбесең жүре де алмаймын. Уа, Ұлылардың Ұлысы! Сағыныштың дәл Өзі, өтінемін мені де естіші. Сөзіме құлақ салшы. Өзіңнен басқасына мені құл болдырмашы. Мені мына бес күндік заріптікке тастап кетпеші. Жалынамын Саған, жүрегімнің Сұлтаны!» деп жылады... Ішкі жұмақты тапты және де бір таңғы азанның мәңгілік әнімен бірге ішкі жұмағына сапар шекті. Мұндағы жүрек жасырған жұмбақтың шешімі – шынайы сенім болса керек. Автордың келесі бір туындысы «...Сол жүрек Азияда қалды» деп аталады. Бұл әңгіменің бірден-бір ерекшелігі – оқиға мен идея нәзік метонимиялық астарлы алмастыруларға құрылған. Алмастырудың да жағдайға қарай түрленіп отыратыны белгілі. «Ауыл ұйқыда жатқанда», «қаламы жүйрік» «табақ тартылды ма?» сынды алмастыруларда ұқсастық пен нақтылық басым. Ал мұндағы бас кейіпкер Ісметтің жүрегін жаралаған жанның есімі Азия. Келіп ақиқат жолында қызмет еткен материктің есімі де Азия. Сонымен, әңгіме тақырыбындағы жүректің қай Азияда қалғандығын енді өзіңіз саралай беріңіз. Оқырманның ой топшылауына орасан зор кеңістік қалдыру – шығарманың идеялық тереңдігінен туындап жататын жетістік. Енді «бабаларының әлгі алғашқы «нұрмен» қауышқан Ұлы Азия мекеніне» аттанады. «Асыл анасын көрмегелі төрт ай болды. Ең алғашқы келген кезін есіне алды жас мұғалім Ісмет. Әуелі өкпем осы жердің ауасына үйренсін деп, бар демін ішіне тартты. Жан-жағына ылғи да күлім қағып қарайтын. Туыс, бауырлас ағайындарды мұқият тыңдайтын. Тілін толық түсінбесе де, шама-ететін. Ұлы Азияның киелі топырағына, қасиетті жеріне тез үйреніп алды. Тіпті бірнеше айдың ішінде жергілікті тұрғынға айналып үлгерді». Осылайша қадамы құтты болып келген Ісмет іске кірісті. Бауырлас түркі жұртының ұландарына қызмет етуді өзіне бақыт санады. Өзі аяқ басқан Азияның ізгі қасиеттерін арттыру үшін жасаған риясыз қызметінің арқасында дүйім жұрттың сүйіспеншілігіне бөленді. Оқиға осылай бейбіт түрде өрбіп келіп, мұндай сындарлы істің сынағының да ауыр болатынын көрсететін бір шиеленіс орын алды. Ол туралы сөз қозғамас бұрын сол шиеленіске түрткі болған кейіпкердің портретіне назар салалық.

«Азия мектептің ең сұлу мұғалимасының бірі еді. Министрдің қызы болғандықтан әр айтқаны міндетті түрде орындалатын. Сұлу десе, сұлу; білімді десе, білімді еді. Қара көзінің қиығын сап қарағанда, жүрекке жебе қадағандай ауыртатын. Мектептің ашылғанына біраз етіп отырған мұғалімдер туралы хабар алысымен, әкесінен осы білім ошағында жұмыс істеуге рұқсат алған болатын.

Азия екі жыл бұрын өз қалауынсыз тұрмысқа шығып еді. Күн өткен сайын тұрмыстық жағдайы нашарлай берді. Алайда әкесінің лауазымына зиян тигізбес үшін қалай болса да, тынышсыз тұрған тұрмысын жалғастыруға бекем бел байлап еді».

Алғаш кездескен сәттен бастап, қос кейіпкер сүйіспеншіліктің есті де ессіз арпалысына түседі. Әсіресе, Азияның күйі тіптен бөлек еді. «Азия мектепке келген ең алғашқы күннен бастап, Ісметке қайран қалды. Онымен жүздесу сәтін іздеп ұмтылған Азияның ішкі күйін әріптестері де байқады. Ісмет те Азияның хал-күйіне қарап риза болатын. Баста министрдің қызын риза қылу керек деп жүрген Ісметтің өзі сұлу қыздың жай ғана кірпік қаққанына дейін ұната бастайды. Жамыраған жұлдызды таң атқанша талмай тамашалайтын көздер енді жұмыла қоймас. Көкіректі кернеген әлгі отты сезім он-оңай өше қоймас...»

Азияға қызмет етуді бабалардан жеткен аманат деп келген Ісмет Азияның бұл қылығына дайын емес еді. Өз-өзімен іштей арпалысқан ол аманатқа қиянат жасай алмайтынын айтып өзін сан мәрте сендірумен болды, өзіне ашық шабуылға көшкен Азияның көзіне мүлде түспеуге тырысты. От ішінде жүріп күймеуді, алау ішінде тұрып жанбауды Жаратқаннан жалбарынып сұраумен болды. Әлгі маһшар күнінде Күннің адамның миын қайнатып тұрған сәтінде, сұлу және бай әйелдің шақыруына мән бермей, «Мен Алладан қорқамын!» дей алатындардың салқын көлеңке түскен жерде тұратындығын неше рет оқып шықты.

Намыс – оның бау-бақшасының ең әдемі гүлі еді. Гүлін солдырмауға тиіс-ті. Азияның өшпес алауы оның көңілін кәуаптай күйдірсе де, гүлін күйдірмеу керек. Гүлдер де жанбау керек. Гүлдер Ұлы Азияның кең байтақ даласында қурап кетпеу керек. Ал бір тал гүл жанатын болса, барлық гүлдер иіледі. Барлық гүл бақшалары зиян шегеді. Бұл – бақшаға да, бағбанға да әділетсіздік.

Алайда, алдағы күндерде өзін нендей сынық күтіп тұрғанынан бейхабар еді.

«Антаның аяғы тақалып, мектеп демалысқа дайындық жасап жатқанда, Ісмет келесі антаның тапсырмасын орындап, сабақ кестесін даярлап қою керек еді. Мектепте ешкім қалмады. Ісмет кабинеттің бір бұрышында жұмысына кірісіп кетті. Бірден ашылған есікке алаң қарап, жүрегі дүрсілдей бастады. Ішке кірген Азия есікті тастай жасауып алады. Арқасын есікке беріп, танадай қара көздерімен Ісметке тесіле қарады. Табандылық танытқан Азияның жасан тебіренісі әрбір қимылынан байқалды. Содан бұлқынып жатқан сезімін жасырмай Азия:

– Ісмет! Менің саған деген ішкі сезімімді түсінген боларсың. Шыдамым таусылды. Мені түсініші, сенсіз күнім күн емес. Білесің әкем... Осы күнге дейін жайма шуақ күндерге куә болдық. Ендеше зұлмат қараңғылықтың қажеті қанша? Мына құтты мекендерің зынданға айналып кетпесін. Мен де қалап тұрғаным жоқ. Алайда сен мені түсінесің деп ойлаймын, – деді.

Ісмет шарасыздықтан не істерін білмей дал. Ыстық леп бетін бірден ұрғандай болды. Жұтынып алды. Ұялғаннан қызарып кетті. Хазірет Жүсіп пайғамбардың: «О, Жаратқан Ием! Мына зындан мені шақырған әйелдердің бұл істерінен әлдеқайда жақсы,» – деп жалынып жалбарынғаны да, Мәриям анамыздың әртүрлі өсекке қарап, «Әттең, өліп кеткенімде, содан соң мәңгілікке ұмыт болғанымда,» – деп күйзелгені де, осы болса керек деп ойлады.

Бүйрегі күнәға бұрыла бергенде, саусағын шамның отына күйдіріп, «Азапқа төзе білгенше күнә жаса!» – деп, күнә атаулыдан аулақ ұстаған әлгі тақуа шәкіртті еске алды. «Ей, Ісмет! Шыдай алғанша күнә жаса!» – деді өз-өзіне.

Азияға бас көтеріп қарай алмады. Әйел баласының ең қымбатты да қасиеттісі оның арнамысы ғой, бірақ мынау әйел естен айырылған көрінеді деп ойға батты. Бар батылдығын көкірегіне жиып алып, бірдеме дегісі келіп еді, қапелімде есік соғылды. Ісметтің жүрегі жарыла жаздады. Бір бөлмеде екеуі ғана еді. Олар туралы сыбыр-сыпсың әңгімелер үдеп, дауыстап айтыла бастағалы қашан. Есікті қаққан мектептің қызметкері еді. Ісмет ішке дем тартып, «Иә, біз де шығып барамыз. Азия ханымға рахмет. Қажетті керек-жарағымның бар-жоғын білу үшін келіпті,» – деді де тез арада кітаптарын жинастыра бастады. «Бұл жолы да құтылды-ау,» – деді іштей. Кабинетінен шыға бергенде, Азияның ақырын ғана сыбырлап «Өкінесің!» – дегені құлағында жаңғырды».

Осы бір ғана диалог туынды тағдырын шешіп кетті. Ісмет зынданнан сытылып шыққан адамдай жадырап, көңілі жайланып, тірлігіне шүкір етті. Ал Азия болса, өкініштен кек алуға көңіл, өзіне зорлық жасалды деп жұртқа жария салып, оқытушының үстінен шағым түсіреді. Азиядан мұндай сатқындықты күтпеген Ісмет еліне қайтпак болып шешеді. Өмірден әсте, түңіліп,

ұяттан жерге кірердей болған арлы бозбала «әттең өліп кеткенімде, мәңгілікке ұмытылғанымда» деп қатты күйзелді. Азия болса өкініш пен шарасыздық шырмауында қалды. Орны толмас қателікке бой алдырғанын түсінеді, бірақ бәрі кеш еді. Еліне бет алып әуежайда тұрған сәтте де: Азия қыз Исметтің қасына келіп:

«– Исмет, мен бар шындығымды айтып бердім. Шынында не болғанын бәрі біледі. Өтінем, мені кешіріші, мен сені түсінбеген екенмін. Біздерді, оқушыларыңды тастап қайда барасың? Мен саған қол жеткіземін деп, сені бәрінен ажыратып жібердім. Осы жолы мені түсінші, кешір!» – деп өз қателігін түзеуге тырысады. Алайда, жалған жаламен болса да есімі қараланған ол, енді өзгелердің бақыты үшін аянбай еңбек етіп жүрген достарынан арланды. Олардың көзіне ешқашан көрінбеуді өзіне мақсат етті.

«Ұшақтың ұшу уақыты таяп қалды. Табан тірегеннен ешнәрсе шықпайтынын аңғарған достары көз жасын ағызып тұрды. Әсілінде Азия оның қайтып келмейтіндігін біліп отырды. Оның қаншалықты адал жан екеніне және адалдығына зиян тигізгеніне көз жеткізді. Қоштасарда, Исметке: «мынаны ұшаққа мінгеніңде оқы» – деп, жазған хатын берді:

«Сүйікті Исмет!

Сенің арқанда, арам ғашықтықтың оты күллі гүл бақшасын жағып жіберетіндігін түсіндім. Сен сияқты адалдықты ту еткен салт аттылар адал гүлдерді таптап кетпейді. Себебі сен адалдықтың ақ гүлін солдыруға келген жоқсың, керісінше өсіруге келдің. Біз шоқты жолдардан өтіп жанамыз, кім біледі, бірақ алаңдама, гүлдер бұдан былай жанбайды. Гүлдер жанбайды, сүйікті Исметім...»». Әңгіме ғибраттық мотиверге толы. Пенде баласының нәпсілік осал тұстары мен шынайы, ар-намыспен біте қайнасқан болмысының арпалысы да ұтымды баяндалып, шебер суреттелген. Адамның адамдығы сыртқы формалық сұлулығында емес, ішкі рухани жан сұлулығында екені әңгіменің басты идеялық өзегі ретінде берілген. Мәшһүр ойшыл әрі ақын Маулана Жалалиддин Румидің «Қаншама адам көрдім сыртында киімі жоқ, қаншама киім көрдім ішінде адамы жоқ» деген терең ойлы насихаты бекер айтылмаса керек. Туынды кейіпкерлері адам атты ұлы ұғымға адалдықтарын танытты. Адамдықтың алып асуларының кішкентай өткелдеріндегі сынақтан мүдірмей өтті. Исмет пен Азияның бастарынан өткен жайттар қайсібір оқырманның жүрегіне ой түсіріп, өмірлік дәріс бермесіне кім кепіл?! Көркем әдебиет, қай дәуірде де осындай нақты нәтижелік қасиеттерімен құнды.

Араб тарихшысы Ибн Халликон арқылы жеткен Фараби бейіттерінде:

Түкке тұрғысыз атақ-даңққа таласып,

Қашанға дейін бір-бірімізді азаптай береміз?

Одан гөрі Жаратқанға жалбарынып,

Өліп кеткеніміз жақсы емес пе?! – деген жолдар кездеседі. Араға мың жылдан аса уақыт салып, баяндалған Харун Токак әңгімелеріндегі ақиқаттар өздерінің көркемдік кеңістіктегі өміршеңдігін көрсетіп тұр. Осы тұста, айта кету керек, бүгінде, неге екені беймәлім, ұлттық әдебиетті кешегі соцреалистік тәсілдермен талдау толастамай тұр. Мұндай талдаулардың терминологиясы өзгергенімен мән-мақсаты бәз-баяғыдай. Басты міндет – мәтіннің тілін, көркем сөзді айшықтау құралдарын, сол троптардың тарыдай пашылған жадағай тақырыптарды түрлендірудегі қызметтерін сөз ету. Әрине, сөзбен сурет салу да үлкен өнер. Дей тұрғанмен бүгінгі оқырман – жан рахатын емес – рухына шипа, көңіл қалауын емес – дертіне дауа іздейтіндей.

Мәселеге осы тұрғыдан келсек, әдебиеттің адамдық, мағынауи қасиеті мен құрғақ теорияға бейімделген жаңашыл келбетін айырып алу қажеттігі туындайды. Екеуінде екі түрлі әлем. Екі түрлі құндылық. Он екінші ғасырда өмір сүрген шығыс ойшылы Жүсіп әл Хамадани «Заттардың сапасы – киелілікті көру айнасы, болмыстың пәлсафасы – тазалық пен пәктікті, болмыстың өзі – мәңгілікті көру айнасы» деген екен. Әдебиеттанушы ретінде, біз, осындағы заттар мен болмыстың орнына сөз өнері мен көркем мәтінді қояр болсақ, өзінен-өзі олардың арқалар жүгінің зіл батпан екені белгілі болар. Әлбетте, көркем сөздің құдіреті оның оқырманға ой салар ғибраттық құндылығында емес пе?!

Summary

The literature and art equal. In this article author written about it. The category of art is believes. holiness, warmth. And this categories used in Харун Tokaks creation. The author discusses the issue of moral values in the prose of Харун Tokan, a Turkish prose writer appearing frequently in the contemporary Kazakh printing.